

**Б.ЖОЛДАСОВА
Д.ҚҰРЫМБАЙ**

САҚ (СКИФ) МӘДЕНИЕТІНДЕГІ АҢ СТИЛІ

Автор мақалада бүгінгі Орта Азия, Сібір, Еуропа халықтарының бейнелеу өнерінің негізін қалған сақтардың «аң стилі» туралы ойын ортага салады

Bu makalede, Orta Asya, Sibiry ve Avrupa halklarıının tasvir sanatını temeliini atan İskitlerin hayvan stiline ilişkin görüşleri ele alınmaktadır.

Көшпенділер мәдениеті мен өнері өзінің жаулары мен жақтастарын таңдаңдырып, құндылығымен жарты әлемге мәшінр болды.

Әсіресе «аң бейнелі» әдіспен әсемделіп соғылған нәзік те нақышты дүниелері басқа елдердің құрметпен қарауына мойынсындырырды, ертедегі әллиндік және қытай шеберлері көшпенділер өнеріне тәнті болып, оны өз бойларына сіңірге тырысты. Сақ – скифтер колынан туындаған өнер ықпалы ежелгі шығысқа да, батысқа да үлкен әсер етті. «Аң стилі» дегеніміз ыдыс-аяққа, киімге, тұрмыс заттарына, қару-жараққа әшекей ретінде салынған түрлі жануарлардың бейнелері [2].

Сақ-скиф мәдениеті қазіргі замандағы мұсіндеу – бедерлеме өнерінің кез келгенімен тайталаса алады, тіпті ықшамдаپ жасалу шеберлігімен, ойлылығымен, әсемдігімен олардан оқшау, алда тұра алады. Ерекше, қайталанбас сақ-скиф өнері тек алтыннан ғана жасалынған жоқ, сонымен қатар қола құйма өнерінің тамаша мектептерін қалыптастырырды. Құйма және тастан қашау тәсілімен домалақ мұсіндер сомдады, қунделікті өмірге қажетті ыдыстар, ат әбзелдерін жасады, әсіресе қолдан неше түрлі қазандар қуда ерекше дамыды. Қазанның құлақтарында, ернеулерінде неше түрлі жыртқыш аңдардың кішкене мұсіндері қолданылатын, ал аяқтары скифке тән аңдар бейнесінде безендірілді.

Сақ-скиф тайпаларының қолтумалары массажет, алан, үйсіндер арқылы ежелгі Қытай патшалықтарымен қызу қарым-қатынаста өмір сүрді. Қытай шеберлері сомдаған аңдардың (қанатты, қабылан т.б.) жасалу, құю тәсілі скиф өнерін еске түсіреді. Олар көшпенділердің ан бейнелі ағымын әрі қарай дамытып, таңғажайып өнер туындыларын өмірге әкелді. Әлемнің жартысына жайылған өркенді өнерімен табындырган скиф – сақтар уақыт өте әшекей безендіру полихромдық (қоспалы әдіс) өнерімен де аты шықты.

Б.з.д. III-II ғасырларда «аң бейнелі» ағымға ерекше өң беріп толықтырылды. Ырғақты бедерлеме айшықтар енді түрлі асыл тастармен көмкеріліп сән-салтанатты кейіпке енді. Барған жерлерінде билік құрып, орнықкан кезде ішкі-сыртқы құрылышы қазақ үйге ұқсас етіп күмбезді әсем сарай, гибадатханалар салдырып отырған. Шаңырақ тәрізді төбесінде жарық түсетін тесік – ойық көптеген елде үлгі ретінде тарап, сәулет өнерінің ең бір ұлы жетістігіне, стиліне айналды [1].

Б.Жолдасова, Д.Құрымбай. Сақ (скиф) мәдениетіндегі аң стилі.

Сактар өздерінің өлгөн патшаларына алтын киімін киіндіріп, кең лақатқа қойған, ал олардың үстіне зәулім архитектуралық ескерткіш - алып оба тұргызған. Қогамның басқа мүшелерін жерлеу ғұрпы иерархиялық басқыш сатыларының төмендеуіне қарай оңайлатылып отырған. Ғұрыштың әлеуметтік жағдайға қарай сарапануына ата-баба рухтарына, әсіресе патшаларға - күн бейнелі күшті қамкоршыларға табыну үлкен рөл атқарған. Далалық еркениет Күнге, табигат күштері мен көсемге, яғни әскери жолбасшыға табынуга негізделген өз идеологиясын жасады. Осының барлығы «аң стиліндегі» олардың қайталанбас өнерінде көрініс тапты. Ерте темір дәуірі қошпелілердің идеологиясымен танысу үшін «Есік» қорғаны бірегей мүмкіндік береді. Сактардың өз мифологиясы болған, ол «Алтын адамның» киім композициясында, оны жерлеу жоралғысында көрініс тапты. Оның басында тымақ тәріздес желкелігі бар, төбесі шошақ, биік бөркі болған. Бас киімдегі бейнелер символикалық мәнге ие болды. Жауынгердің бас киімінде «алтын таулар» мен «агаштар» қоршаған дүниені көз алдыңа елестететіндей айналдыра тігілген. Бас киімнің жоғары жағында Митра Құдайының кеңінен тараған рәмізі - алтын қойдың бейнесі бар. «Алтын адам» Күн Құдайымен теңестірілгендей қаралған алтын жебелер күннің сөүлесі деп есептелінеді. Қошпендердің түсінігінше «мәңгілік өмір сүретін» адамдардың қатарына тек патшалар мен көсемдер жатады, олардың тайпа көсемдері туралы «күнде өмір сүреді» деген ұғым қалыптасқан. Бас киімнің беткі жағындағы алтын жебе, ешкі мүйізді, алтын қанатты пар ат әмблемасы «патшалықтың белгісін» білдіреді. Егер осы бейнелерді зерделер болсақ кұс - жоғарғы әлем, аспан; ат - ортаңғы әлем, жер; ешкі - төменгі жақ, жер асты әлемі; қанатты жебелер - Жердің төрт тарабы. Бұл рәміз көсемнің билігі туралы және оған бағынышты қоғам құрылымы туралы түсінікті бейнелейді. Сақтарда жоғары билікті осылайша негіздеу тұжырымдамасы қалыптасты [3].

Бас киімдегі қанаттар «Алтын адамның»abyz болғандығын көрсетеді. Құстар бейнесі жоғары әлем рухына, аспанға ұшумен байланыстырылады. Әскери жасаулардагы жыртқыштардың яки барыстың, арыстанның, жолбарыстың, қасқырдың бейнеленуі осы аңдардың жауынгер мен оның қару-жарагына дем беруші күш деп есептелді. Соңдай-ақ жолбарыстың бейнесі отқа табынушылышқен байланысты болды. Нак солардың бейнелері мен табыну бұйымдары алтарь және темекі тартатын бөлмеге хош иісті тұтін шыгаратын аспапты қоргайды.

Белгілі бір тұс және олардың туғызған әсері дүниені мифологиялық түрде пайымдаудың маңызды элементі деп табылатындықтан тұс ерекше ақпараттық құндылыққа ие болды. Киімдегі қызыл тұс және оның алтын жасауы - Күннің буырқанған қуаты мен құдіреттілігін бейнелеген түстері, күміс тұс - Айдың, көгілдір тұс - аспанның тұсі деп есептелді.

«Аң стилі» белгілі бір діни наным-сенімге байланысты ұғымды білдіргендіктен жыртқыш жануарлар мен құстардың бейнелері кару-

жарақтарға немесе атқа ерекше күш беретін тұмар ретінде қолданылды. Жануарлардың жекелеген бейнелері киелі, рәміздік мағына береді. Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» бас киімі жылқы, құс, таутеке, барыс, т.б. топтасқан бейнесінде алтын қапсырмалармен әшекейленген. Осындай топтасқан бейнелерді зерттеу темір дәүірі көшпелілерінің идеологиясы мен діни түсініктері туралы мағлұмат береді.

Сақ (скиф) мәдениеті Карапат, Дунай, Батыс Тянь-Шань, Таулы Алтайдан бастап Памирге дейінгі аймақтарда қалыптасты. Мәдениеттің мұндаиды тұтастығын сақ шеберлерінің бейнелеу өнеріндегі «аң стилімен» байланыстырамыз. Сақ (скиф) «аң стилі» сақ мәдениетінің синониміне айналды. Сақ (скиф) шеберлері кескіндеме, қолөнер бұйымдарында «аң стилін» талғаммен үйлесімді қолданып, қияли бейнені ұтымды бере білген. Сақ (скиф) жәдігерлері эстетикалық, сапалық жағынан қазіргі мұсін, кескіндеме, бейнелеу өнеріне қараганда жоғарғы деңгейде өзіндік мәнермен жасалған. Қола, темір, алтыннан ойып, құйып сақтар жасаған аң, жануарлардың шынайы, қияли образын түрлі көріністерде бейнелеу сақтардан бастау алды. Олар ішкі рухани танымдарын өнертануладында әсерлеп бере білген. Аңның мінезін, қымыл-әрекетін асқан нәзіктікен келтіреді. Аузы ақсиып, жемтігіне атылған жыртқыш аңның қымылы асқан нәзіктікен берілген. «Аң стиліндегі» арыстанның текені немесе елікті жеу көрінісі күзді тұспалдаса, арыстанның өтізді жеу көрінісі – көшпелілердің көктемде наурызда тойланатын жаңа жылдың нышаны.

Сақтардың «зооморфтық стилі» түрлі мәнерде қолданылып, белгілі рәміздік ұтымды білдірген. Аңдардың жануарларға атылған сөті немесе аң аузында бейнелеу көрінісі сақтардың көркеменерінде негізгі орын алады. Сақ (скиф) бейнелеу өнеріндегі аң мен жануарлардың, құстардың арпалысы мезгілдің ауысуының нышанын білдіреді. Ал, бейнелеу мәнерінде сақтар көп қолданған арыстан, теке, елік, бұқа аспандагы жұлдыздарды тұспалдайды. Ежелгі адамдар астрологиялық жыл санауды аң, жануарлардың атымен атап қоятын. Сақтардың (скиф) бейнелеу өнерінде «аң стилінің» магиялық күшіне табынушылық 6.3.6. 1 мынжылдықта қалыптасқан. Олардың композициясында аң мен жануарлардың арпалысы мен бір-біріне атылу сэттері бейнеленген. Ежелгі адамдар аң, құс пен жануарлардың арпалысу көрінісін «адамгершілік» пен «зұлымдықтын» күресі деп түсінген. Сақ (скиф) шеберлері бейнелеген аң, құс, жануарлар адамға эмоциялық ерекше әсер етеді. Олар бейнелеу мәнерінде аң, құс, жануарлардың өзіндік ерекшеліктерін дәлдікпен бере білді. «Бейнелеу өнеріндегі «аң стилі» ежелгі адамдардың табигатпен жақындығын, олардың эмоциялық әсері мен ішкі рухани жағдайының айнасы іспеттес болды [5].

Сақтар аң мен жануарлардың арпалысындағы көріністі жыл мезгілінің ауысуымен байланыстырган. Ежелгі адамдар төрт мезгілді «жаз», «қыс» деп екіге боліп, өз бейнелеу тәсілдеріне қысты жамандық, жазды жақсылық рәміздік ұтымында бейнелеген. Ежелгі сақтардың (скиф) бейнелеу өнерінде

Б.Жолдасова, Д.Құрымбай. Сақ (скиф) мәдениетіндегі аң стилі.

«аң стилінің» қалыптасуының басты себебі, адамдар аңдар мен жануарлардан пайда болды деген қиялдан туған болу керек. Ежелгі адамдар табиғаттың тылсым күштері мен түсінікіз құбылыстарын мифке айналдырып отырған. Сондықтан сақтардың тотемдері аң, құс, жануарлар болған (бұғы, бұлан, қасқыр, таутеке, жолбарыс, бүркіт), мұндай аң, құс, жануарлар бейнеленген заттар қасиеті болып саналған. Олар тырнақ, сүйектерден тұмар жасап, ал тотемдерді қару-жараққа бейнелеген. Тотем таңба жауынгерлеріне жеңіспен оралуга магиялық әсер етеді деп ұққан. «Аң стилі» сақ шеберлерінің арасында б.з.б. III-І ғ.ғ. бейнелеу өнерінің биік деңгейіне жетіп, кейіннен өзгерістерге ұшырады. Сақ қолөнерінде «аң стилінен» стилизацияланған мәнерге ету Новочерск обасынан табылған сармат ханшасының тәжінде қарғалы мәнері қайталанған. Сақ (скиф) мәнеріндегі тәжде (диадема) аңдардың бірте-бірте стилизацияланып шырмақтануы басқа елдердің бейнелеу өнерінде кездеспейтін мәнер.

Ежелгі өркениетті мемлекетте өмір сүрген сақ шеберлерінің қолөнерді мұндай тәсілмен бейнелеуі, сол кезеңдегі өнердің өте жоғары деңгейде болғандығын көрсетеді. Жануарлар мәнерінде мыңдаған жылдар болса да бұл өнер бүтінгі күні өзекті мәселелердің біріне айналды. Сақ (скиф) «аң стилі» мен андрондықтардың геометриялық ою-өрнек түрлері бүтінгі күні кеңінен қолданылады. Сақтардың бейнелеу өнерінде қолданылған ою-өрнек түрлерін қазақ қолөнерінде бірен-саран кездестіреміз. Сақ шеберлері аң, жануарлар, құстарды «аң стилінде» бейнелегендеге денелеріде таңбаларды қоса салған. Сақтардың (скиф) тотем мен космогониялық таңбаны бірге беруі, олардың діни дуниетанымынан туған ұғым. Орта ғасырда бұл таңбалар рулық таңбаға айналады. Ғасырлар өткенімен сақ «аң стилі» жаңа образдармен толыққан жоқ. Керісінше сол ежелгі баға жетпес жәдігерлер біздің атабабаларымыздың өмірінен сыр шертетін шежіре ретінде өмірімізге еніп отыр. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған сақтардың (скиф) көне ескерткіштерінде бейнеленген «аң стиліндегі» мәнер мынадай топтан тұрады: қиялдаудан туған жануарлардың бейнесі; жануарлар бейнесінің шартты тұрде берілуі; мүйізді жануарларды бейнелеу; аңдардың жануарларға атылған бейнелері; аңдардың аузындағы жануарлардың бейнесі; арқар, таутеке бұғы, елік, ақбөкен бейнеленген композиция; мысық, қораз бейнеленген заттар [4].

Сақтардың «аң стилі» бүтінгі Орта Азия, Сібір, Еуропа халықтарының бейнелеу өнерінің негізін қалаған. Ежелгі көшпендейлер кезінде бір шеті Қытай, екінші шеті Солтүстік мұзды мұхит, бір жағы батыс Европаны басып етіп, Мысырға дейін көшіп-конып, әр дәуірде билік құрып үстемдік еткен. Олардың түрлі елдің мәдениетіне, өнеріне тигізген әсері ұшан теңіз. Бүкіл әлем халықтарының өнерінде тайға таңба басқандай көшпендейлер ықпалының табы, стилі, сезіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақишев К. Архитектуралық аса бағалы ескерткіштер. Ежелгі мәдениет күәлары. А., 1966, 57 б.
2. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: "Аруна Ltd." ЖШС, 2005.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүтінге дейін). Бес томдық. А., Т.1., 1996. 1-2-бөлімдер.
4. Кадырбаев А.Ш. История Казахстана: первобытный мир и древность. А., 1998.
5. Өмірбекова М.Ш. Сақ (скиф) тарихы мен мәдениеті. Оку құралы – Алматы: «Зият Пресс», 2004.

REZUME

B.ZHOLDASOVA, D.KURYMBAY (Turkistan)
THE STYLE OF THE BEAST IN THE SAKA (SCYTHIAN) CULTURE

The author of the article shares his thoughts about the "animal style" Saks, which became the foundation of modern art of the peoples of Central Asia, Siberia and Europe.